

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 01.09.2021

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Ұшақ

Мақсаты: Балаларға ұшақ туралы әңгімелей отырып, «Ұшақ» туралы тақпақ жаттату. Ұшақтың бейнесін қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасауға үйрету.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, жұмбақ, түсіндіру, бекіту.

Билингвалды компонент: ұшақ-самолет

Сөздік жұмыс: ұшақ

Көрнекіліктер: ұшақтың суреті салынған плакаттар, қағаздар, түрлі түсті бояулар

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Аспан түрді түндігін Жерге сәуле жайылды. Неткен ашық күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жұмбақ: Ақ сұңқар құсым келеді. Жолына бояу жағып келеді. (Ұшақ) -Қандай көлік түрлерін білесіңдер? - Балалар сендер ұшаққа отырып көрдіңдер ме?	Балалар шеңбер жасап тұрып қайталайды. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Балалардың жауаптары тыңдалады.

	-Ұшақ қандай көлік түрлеріне жатады? Балалар көлік бара алмайтын жерге ұшақ барады. Алыс айшылық жерлерге жылдам уақытта ұшақ ұшып барады. Балалар бүгін біз ұшақтың бейнесін қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасаймыз. Сергіту сәті: Инелік-ау, инелік, Инелікке тимелік, Тік ұшақты жасадық, Инеліктен үйреніп. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.	Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу қызметін қорыту: Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.	Салған суреттеріне қызыға қарайды..


Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу ретін білу керек;

Нені игерді: композиция құра білуге дағдылану;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Мұғалім: 

Тексерілді: 

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 08.09.2021

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Аққулар

Мақсаты: Балаларға «Аққу» құсымен таныстырып, тақпақтар жаттату.

Аққудың бейнесін картон қағазға ұсақ қағаздардан желімдеу арқылы жасау.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

Билингвалды компонент: аққу-лебедь

Сөздік жұмыс: аққу.

Көрнекіліктер: Аққудың суреті.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Аспан түрді түндігін Жерге сәуле жайылды. Неткен ашық күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жұмбақ: Садақша мойнын иілтіп, Көрген жанды сүйінтіп, Жүзгенде көлдің сәні өзі, Судағы құстың нәні өзі. Жердегі құстың серкесі; Көктегі құстың еркесі. (Аққу) -Қандай құстың түрлерін білесіңдер?	Балалар шеңбер жасап тұрып қайталайды. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Шешуін табу, есте сақтау.

	-Аққу қандай құсқа жатады? -Аққу қайда мекендейді? Балалар аққу өте қасиетті құс. Құстардың ішіндегі ең сұлу құс аққу. Аққуды атуға болмайды. Мақал: Аққуды атпа, Досыңды сатпа. Бүгін біз осы аққудың бейнесін өз қолымызбен еңбек етіп жасайық. Жасалу долымен түсіндіріп өтейін. -Картон қағазды алып аққудың бейнесін саламыз, сосын барып қиамыз. Ұсақ ақ қағазды жырту әдісін пайдаланып, аққудың қауырсынын жапсырамыз. Сергіту сәті: Бір екі, үш, Жинап алып күш. Біз ұшамыз кептерше Қолымыз жерге жеткенше. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.	Мақалды жатқа айту. Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.
Рефлексиялық- түзетушілік	Оқу қызметін қорыту: Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.	Салған суреттеріне қызыға қарайды..

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу ретін білу керек;

Нені игерді: композиция құра білуге дағдылану;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Мәжілісші: 

Тексеріледі: 

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 15.09.2022.

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Сиыр

Мақсаты: Балаларға сиыр және оның адам өміріндегі пайдасы туралы әңгімелеп,

тақпақ жаттату. Сиырдың суретін қарап салу. Балаларды көргенін өз беттерімен

суреттеуге үйрету.

Әдіс – тәсілдер:Түсіндіру, көрсету, бекіту.

Билингвальды компонент: сиыр – корова, тері – шкура, сүт – молоко, қаймақ - сметана

Сөздік жұмыс: Төрт түлік мал, ірі – қара мал.

Қолданатын көрнекі құралдар: Сиырдың суреті, түрлі – түсті бояулар мен ақ қағаз.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балалардың назарын тақтадағы суретке аудару.	
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбері Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Балаларға төрт түлік малдың өзіне тән ерекшеліктерін айтады. Соның ішінде ірі қара малдың бірі сиырды таныстырады. Сиыр өте момын және адамдарға пайдасы өте көп.	Балалар қимыл іс – әрекетпен орындайды. Балалар жауап береді. Балалар назар аударып тыңдайды.

	Сиырдың сүтін ішеміз, етін жейміз, қаймағы мен майын жейміз. Терісінен былғары аяқ киімде, қыстық жылы киімдер тігіледі. Балалар жұмыстың орындалу барысын түсіндіріп өтейін. Мұқият тыңдаңдар! 1. Ақ қағазға сиырдың бейнесін жай қарындашпен саламыз. 2. Салған суретті акварель бояумен баяймыз. 3. Жұмысты таза орындап, аяқтаймыз. 4. Жұмыс орнын жинаймыз. Ал балалар сендерге сәттілік тілеймін! Сиырдың бейнесін тақтадағы суретке қарап ақ қағазға бейнесін саламыз. Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық. Бір отырып, Бір тұрып. Сәл тынығып алайық.	Балалар қызығып орындайды. Балалар қимыл іс – әрекетпен орындайды
Рефлексиялық түзетушілік	Балалар салған суреттерін көрмеге іледі. Балалардан сиырдың қасиетін сұрайды. Сиырдың пайдасын сұрайды.	Балалар жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Төрт түлік малдың атауларын!

Нені игерді: Сиырдың суретін салуды.

Нені біледі: Ұқыпты таза сурет салуды.

Мұғалім: К.А.
Тексеріңіз: А.А.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 22.09.2022. - 29.09.2022

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Паравоз.

Мақсаты: Паравоз туралы өлең оқып беру. Балалардың тіл байлықтарын молайту. Паравоздың суретін ермексازдан мүсіндеу. .

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

Билингвалды компонент: паравоз-паравоз

Сөздік жұмыс: паравоз.

Көрнекіліктер: Тақырыптық суреттер, ермексаз, тақтайша, сүлгі.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Күндей жылы, Алмадай тәтті, Доптай көңілді, Жүзіктей әдемі бол! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Жұмбақ: Күндіз-түні күрсінеді, Жүрген жері сілкінеді. (Пойыз) Адамдар алыс сапарларға жол көліктерімен, яғни автобустармен, әуе көлігі – ұшақпен, темір жол көлігі – пойызбен, су көлігі – кемемен жол жүреді. Балалар сендер	Балалардың бір-біріне деген жақсы тілектері. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Шешуін табу, есте сақтау.

	алыс жолдарға шыққан кезде қандай көлік түрлерімен барғанды ұнатасындар. Бүгін біз ермексаздан паравоздың бейнесін мүсіндейміз. Жұмыстың орындалу барысын түсіндіріп өтейін. -Түрлі түсті ермексаздан тіктөртбұрыш жасап алып, паравоздың бейнесін мүсіндейміз. -Ақ ермексаздан паравоздың терезесін мүсіндейміз. . Сергіту сәті: Бір екі, үш, Жинап алып күш. Біз ұшамыз кептерше Қолымыз жерге жеткенше. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.	Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу қызметін қорыту: Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.	Салған суреттеріне қызыға қарайды..

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу ретін білу керек;

Нені игерді: композиция құра білуге дағдылану;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Мұғалім: *[Signature]*
 Мексари: *[Signature]*

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 26.12.2022

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ.

Тақырыбы: Өтеш пен Бақа

Мақсаты: Балаларға қазақ ертегілерін оқып беру. Сол ертегілер арқылы батыр, шыншыл, ел қамын ойлайтын ақылды болып өсуге талаптандыру.

Әдіс – тәсілдер: Ертегі оқу, түсіндіру, сұрақ – жауап, бекіту.

Сөздік жұмыс: Айдары

Билингвальды компонент: этеш – петух, бақа – лягушка, айдары – гребешок.

Қолданатын көрнекі құралдар: Өтеш пен бақаның суреттері, түрлі – түсті қағаз, қайшы, желім, қарындаш, орамал.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Алдын – ала өтеш пен Бақаның суретімен жұмыс жүргізу.	Балалардың зейіні оянады.
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбер Аспан түрді түндігін, Жерге сәуле жайылды. Неткен ашық күн бүгін Қайырлы таң, қайырлы! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жұмбақ: Қызылдан киген киім, басқа қалпақ Саусағы төртеу болған емес жалпақ. Үстіне неше түрлі тон жамылып, Басады мас адамша талтаң – талтаң. (Өтеш) Балаларға өтеш пен Бақа туралы	Балалар іс – қимылдармен орындайды. Балалар жауап береді. Шешуін табады.

	ертегі оқып беру. Ертегідегі батырлық, шыншылдық, ақылдылық туралы балаларға түсіндірді. Әтеш үй құстарына жатады. Түсі әр – түрлі болады. Әтештің тауықтан айырмашылығы маңдайында қызыл айдары бар. Бақаның түсі жасыл, көзі үлкен, ол сулы аймақтарда өмір сүреді. Осы ертегідегі әтеш пен бақаның бейнесін қағаз бетіне жапсырайық. Мен сендерге үлгі ретінде жасалу жолын көрсетіп, жапсыру жұмысын тиянақты орындау керек. Балаларға жабыстыру жолын көрсетеді. Сергіту сәті Дөңгелене тұрамыз Керегені құрамыз. Уықтар болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз.	Ертегіні мұқият отырып тындайды. Балалар қимыл іс – әрекеттермен орындайды.
Рефлексиялық түзетушілік	Дайын болған жұмыстарды талдау, және кішігірім көрме ұйымдастыру, қорытындылау.	Жасаған жұмыстарын көрмеге іледі.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Әтеш пен Бақа жайлы ертегіні

Нені игерді: Әтеш пен Бақаның түр – түсін игерді.

Нені біледі: Айқын түстермен Әтеш пен Бақаның суретін салуды.

Жарысшы: [Signature]
Тексерілді: [Signature]

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 13.10.2021

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Алтын балық

Мақсаты: Балаларды ертегі оқып беріп, түсінгендерін әңгімелету. Тіл байлықтарын жетілдіру. Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. Өшекейлік арқылы көркемдік тәрбие беру.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

Билингвалды компонент: Алтын балық-золотая рыба

Сөздік жұмыс: жарлы.

Көрнекіліктер: Тақырыптық суреттер, ермексаз, тақтайша, сүлгі.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Күндей жылы, Алмадай тәтті, Доптай көңілді, Жүзіктей әдемі бол! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Балалар мен сендерге алдымен «Алтын балық» ертегісін оқып берейін. Мұқият тыңдаңдар. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: -Шал қайда барды? -Өзенге не үшін барды?	Балалардың бір-біріне деген жақсы тілектері. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді.

	-Шалдың қармағына не ілінді? -Балық шалдың қандай арманын орындады? Жұмыстың орындалу барысын түсінідіріп өтейін. Бүгін біз алтын балықтың бейнесін картонға салып алып, оны қиып аламыз. Дайын болған балықтың желбезегін түрлі түсті моншақтармен безендіреміз. Жұмысты бастамас бұрын бойымызды сергітіп алайық. Сергіту сәті: Бір екі, үш, Жинап алып күш. Біз ұшамыз кептерше Қолымыз жерге жеткенше. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.	Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу қызметін қорыту: Балалардың жасаған жұмыстарын талдау. Жақсы жасалған жұмыстардан кішігірім көрме ұйымдастырады.	Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: «Алтын балық» ертегісін;

Нені игерді: әртүрлі моншақтан балықтың желбезегін безендіруді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Инжирбисені: А.А.А.
Тексерілді: А.А.А.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 27.10.2024

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Қашқаргүл

Мақсаты: Қашқаргүл туралы тақпақ оқып жаттату. Мүсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктерін жетілдіру.

Әдіс – тәсілдер: Тақпақ жаттату, түсіндіру, орындату, бекіту.

Сөздік жұмыс: Қашқаргүл

Билингвальды компонент: қашқаргүл – астра, гүл – цветы, бакша гүлі – садовые цветы

Қолданатын көрнекі құралдар: қашқаргүлдің суреті, ермексаз, тақтайша, орамал.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Алдын ала тақырыптық сурет арқылы әңгімелесу.	Балалардың қызығқышылығы болады.
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбер Кел балалар күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабак түйген не керек, Көңілді болып жүрейік. Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Жұмбақ Өз қандай нәзік, Су құйсаң кетеді. Алақанын жазып. (Гүл) Гүлдер нәзік әдемі алуан түрлі	Бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Балалардың жауабы. Жұмбақтың шешуін табады, есте сақтайды.

	болады. Сонымен қатар жер бетіне көрік беріп тұрады. Гүлдер нәзік болғандықтан оны үзіп алғаннан кейін, өте ұзақ тұрмайды. -Гүлдердің қандай түрлерін білесіңдер? -Гүлдер адамдарға не сыйлайды? -Гүлді кімдерге сыйлауға болады? -Гүлдер қайда өседі? -Мысалы далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз,қырда өсетін гүлді қыр гүлі дейміз,бақта өсетін гүлді бақша гүлі дейміз.Соның ішінде бақша гүлінің бірі қашқаргүлмен танысамыз. Тәрбиеші балаларға қашқаргүлдің суретін көрсетіп, таныстырады. -Ал,балалар қашқаргүлмен таныстық,енді осы гүлді ермексаздың көмегімен мүсіндейік. Тәрбиеші балаларға бағыт-бағдар беріп,ермексазбен қашқаргүлдің жасалу жолдарын көрсетеді.	Сұрақтарға толық жауап береді. Балалар суретке назар аударады, қашқаргүлмен танысады. Балалар тәрбиешінің көмегімен қашқаргүлді мүсіндейді.
Рефлексиялық түзетушілік	Орындаған жұмыстарын қарап, талдау жасайды. Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастырып, балалар өздері жасаған қашқаргүлдің жақсы жасалғанын, дұрыс орындалғанын атап өтеді. Балаларды мақтап, мадақтап жұлдызша сыйлайды.	Өздері жіберген кемшіліктерін өздері анықтайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Қашқаргүлдің бақша гүлі екендігін және түрлерін.

Нені игерді: Ермексаздың көмегімен қашқаргүлді мүсіндеуді.

Нені біледі: Жасаған жұмыстарын көрсете білуді.

Тәрбиеші: *А.А.*
Жетекші: *Ж.Ж.*

Күні: 03.11.2021ж.

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусак

Мақсаты: Балаларға арыстан туралы ертегі әңгімелеп беру, арыстанның жабайы аң екенін ұғындыру. Ертегінің мазмұнын білуге үйрету. Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін жапсыру арқылы бейнелеу.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

Билингвалды компонент: арыстан-лев

Сөздік жұмыс: патшасы

Көрнекіліктер: Арыстанның суреті, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	«Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беремін, сендер мұқият тыңдаңдар.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Күндей жылы, Алмадай тәтті, Доптай көңілді, Жүзіктей әдемі бол! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме -Қандай жабайы аңдарды білесіңдер? -Аңдар қайда мекен етеді? -Аң патшасын айтыңдаршы. -Түлкі қандай аң? -Қоян ше? Дұрыс айтасыңдар, аңның	Балалардың бір-біріне деген жақсы тілектері. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Балалардың жауаптары тыңдалады.

	патшасы арыстан. Үлгіге қарап, арыстанның бейнесін қалай жапсыру керектігіне назар аударындар. Жұмыстың орындалу барысын түсіндіріп өтемін, сендер мұқият тыңдаңдар. - Алдымен қоңыр түсті қағаз аламыз. - Арыстанның басын қиып аламыз. Басының пішіні домалақ. - Денесі сопақша. - Құйрығы ұзын келеді. - Аяқтарын қиып аламыз. Осы қиындыларды енді ақ қағазға жапсырамыз. Сергіту сәті: Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.	Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу қызметті қорыту: Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырып, қортындылауына мүмкіндік беру.	Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: «Арыстан мен түлкі» ертегісінің мағынасын;

Нені игерді: жұмыстың орындалу барысын;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Жұмыс жасаған балалар

Тексерілді: Ж.А.

Көрнекіліктер: аққала бейнеленген суреттер, түрлі түсті қағаздар, қайшы желім, колорамал.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала балаларға жұмбақ жасырып, жұмбақтың дұрыс шешуінен кейін аққаланың суретімен жұмыс жасату.	Қызығушылықтар ы артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Сурет бойынша жұмыс: Өте дұрыс. Балалар ауладан қардан домалатып, Аққаланы барлығы бірігіп, бір-біріне көмектесіп жатыр. Аққала жасағанда қардан домалатып әртүрлі көлемде үш домалақ жасап алып, оларды бір-бірінің үстіне үлкенінен бастап орналастырып қойып алады. Сосын басына шелек кигізіп, бет-әлпетін жасайды. Қолдарын жасап, қолына таяқ немесе сыпырғыш іледі. Бүгін біз осы Аққаланы қағаздан қиып, жапсырып жасаймыз. Мен сендерге үлгі ретінде жұмысты орындап көрсетемін, мұқият тыңдаңдар.	Бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Қойылған сұрақтарға толық жауап береді. Зейін салып тыңдайды.

	Тіктөртбұрыш пішінді дайындаманы көгілдір түсті қағаздан қиып аламыз. Оны екі еселеп бүктеп, жай қарындашпен шеңбердің ширек бөлігін сызамыз. Контур сызық бойымен дөңгелектерді қиып аламыз. Түрлі түсті қағазға Аққаланың қалған бөлшектерін (қолы, шелегі, сыпырғышы, сәбіз-мұрны) сызып, сызық бойымен қиып аламыз. Негізгі бетке аппликацияның бөлшектерін реттеп орналастырып аламыз. Аппликацияның барлық бөлшектерін негізгі бетке ретімен жапсыру. Аққаланың көзі мен аузын қара фломастермен сызып аламыз. Серіту сәті: Қыздырайық денені, Кел, балалар, кел бері. Қыздырайық денені Орнымыздан тұрып-ақ. Балалар істеріңе сәттілік тілеймін.	Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыстар жасайды, көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу қызметті қорыту: Жұмыстың орындалу сапасына назар аудару. Жақсы жасалған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Балалар жұмыстарын бағалау, мадақтау.	Жасаған жұмыстарына қызыға қарайды.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: Аққала туралы тақпақтар, жұмбақтар жатқа біледі;

Нені игерді: әртүрлі өлшемдегі дөңгелектерден аққала бейнесін құрастыруды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете алады.

Мәжіліс *Бақыт*
Тексерілді *Ай.*

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 12.11.2022

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Үйрек

Мақсаты: балаларды үйрекпен таныстыру, тұзды қамырды пайдалану арқылы

үйректі жасауды үйрету, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.

Әдіс – тәсілдер: көрсету, түсіндіру, бекіту.

Сөздік жұмыс: үйрек, тұзды қамыр.

Билингвальды компонент: үйрек – утка, үй құсы – домашняя птица.

Қолданатын көрнекі құралдар: тұзды қамыр, акварель бояуы, тақтайша, орамал.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Алдын – ала суретпен жұмыс	Балалар зейін қойып көреді
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбері Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Қайырлы таң, Қайырлы күн. Күліп шықты күн бүгін! Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Балаларды үй құстарымен таныстыру Үй құстарының аттарымен олардың пайдасын түсіндіру. Үй құстарының бірі үйрекпен ерекше таныстыру. Үйректің біз етін жейміз, оның беретін пайдасы көп. Енді көп үйректі тұзды қамырмен илеп мүсіндейміз. Жасалу ретін түсіндіріп айтады.	Балалар іс – әрекетпен орындайды. Балалар жауап береді. Мұқият тыңдайды.

	1. Қамырды алып үйректің бейнесін мүсіндейміз 2. Үйректің басын, көзін жасайды. 3. Үйректің мүсінін жасап, болғасын кептіріп акварель бояуымен үстін бояймыз. Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз Қолды белге қоямыз Бір отырып, бір тұрып, Сәл тынығып аламыз. Тәрбиеші жұмыстарын қадағалап, бағыт бағдар беріп мүсіндеуді аяқтатады. Дидактикалық ойын: Не артық?	Балалар жұмыс жасауға қызығушылықпен кіріседі. Қимыл іс – әрекетпен орындайды. Қызыға ойнайды.
Рефлексиялық түзетушілік	Тәрбиеші балалардың жұмысына талдау жасайды. Жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастырылады. Балаларды мақтап, мадақтайды.	Жасалған жұмыстарын көрмеге қояды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Үй құстарын ажырата білу керек.

Нені игерді: Тұзды қамырмен жұмыс жасауды

Нені біледі: Ұқыпты жұмыс жасауды.

Тәрбиеші: [Signature]
Жексеріңгі: [Signature]

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 24.11.2021.

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Түймедағы

Мақсаты: Балаларға «түймедақ» гүлі туралы оның адам денсаулығын пайдасы туралы әңгімелеп беру. Бүктеу әдіс-тәсілдерін түсіндіру.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, жапсыру, бекіту.

Билингвалды компонент: түймедағы-ромашка

Сөздік жұмыс: түймедақ

Қолданылатын көрнекілік: түймедақ гүлі, дайын жұмыстың үлгісі, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, қарындаш, қолорамал.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Қазақстанда өсетін гүлдер туралы әңгімелесу.	Балалардың зейіні артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңберін құру. Табиғатқа қамқор боп, Байлығынбіз қорғайық. Әдепті де, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық. Табиғат күн тізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Гүлді әдемілік үшін өсіреді. Гүлдер бақшада, тауда, далада, бөлмеде өсіріледі. - Бөлме гүлдерін қалай күту керек, және оны кімдерге сыйлайды? -Түймедақ гүлі бақшада, тауда, далада өседі. Тауда және далада өсетін түймедақ гүлі жабайы түріне жатады. Ал бақшада өсетін түймедақ	Балалар дөңгелене тұрып өлең жолдарын қайталайды. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Гүлдер туралы әңгімелейді.

	гүлі жабайы түймедақ гүлінен айырмашылығы өте көп. Енді осы гүлді бүктеу әдісі арқылы жасаймыз. Үлгіге қарап жұмыстың орындалу ретімен танысайық. Жапырақтар мен гүл күлтелеріне арналғандайындамаларды қабаттап бүктеу. Қарындашпен жапырақтар мен гүл күлтелерінің суретін салу. Бөлшектерді белгі бойымен қию. Гүлдің ортасын қиып алып тіліктер жасау. Тіліктерді ұқыппен шашақтау. Гүл күлтелері мен жапырақтарының ұшын қарындаштың көмегімен сәл иіп көтеру. Негізгі қағаз бетіне бөлшектерді үйлестіріп орналастыру. Барлық бөлшектерді ретімен жапсыру. Жұмыстың орындалуын, әр баланың өз міндетін дұрыс атқаруын қадағалау. Сергіту сәті: Дала гүлін сыйлық үшін жинаймыз, Кейде оны жұлуға да кимаймыз. Бұл гүлдерді қуанышты сәттерде, Шын жүректен аналарға сыйлаймыз.	Жұмыстың орындалу ретімен танысады. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу қызметті қортындылау. Дайын жұмысты бөлме қабырғасына іліп қоюға немесе сыйлауға болады.	Балалар жасаған жұмыстарын керегеге іліп қояды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: көлемді түймедақ гүлін жасау тәсілімен танысты.

Нені игерді: бүктеу әдіс-тәсілдерімен таныстыру.

Нені біледі: гүлдер туралы өлең, тақпақтарды жатқа айтады.

Түзетуші: *[Signature]*
Тексеріңіз: *[Signature]*

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 08.12.2021.

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы:Қысқы киімдер

Мақсаты:Балаларға киім, киім түрлері, қысқы киімдер туралы түсініктер беру. Қысқы киімдерді ажырата білуге үйрету. Әр мезгілде киетін киімдерді атай білуге, ойлау қабілеттерін дамыту. Киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдер: Сұрақ – жауап, әңгімелеу, көрсету, ойын, бекіту.

Сөздік жұмыс: малақай, құлақшын.

Билингвальды компонент: Шуба – тон, шарф – мойынорағыш,сапоги – етік

Қолданатын көрнекі құралдар: суреттер, қысқы киім киген қуыршақ, желім, қайшы, ақ қағаз, мата түрлері.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Қыс мезгілі бейнеленген суреттер арқылы әңгіме құрау.	Балалардың қызығушылығын ояту.
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбері Достарды біз қолдаймыз, Қиын жақта қорғаймыз, Біздің топта ұл – қыздар, Тату – тәтті ойнаймыз. Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Тәрбиеші балалардың назарын тақтадағы қысқы киімдердің суретіне аудартады. - Балалар қыс мезгілінде біз қалай киінеміз? - Мына суреттегі балалардың үстіндегі киімдерді ата? - Балалар жыл мезгілінің қайсысына сай киінген? Олай болса балалар бүгінгі оқу іс – әрекетіміздің тақырыбы	Балалар қимыл іс – әрекетпен орындайды. Балалар жауап береді. Суретке назар аударады. Сұрақтарға жауап береді.

	«Қысқы киімдер» - деп аталады. Балаларға киімдер бейнеленген суреттер таратылады. Мысалы: малақай – құлағы бар жылы бас киім, құлақшын. Сөздік жұмысын жүргізу Ыс – ыс – ыс келді қыс, Ақ – ақ – ақ біз тебеміз сырғанақ. Тәрбиеші балаларға әр түрлі мата түрлерін көрсетіп, таныстырады. Сол мата түрлерін пайдаланып, қысқы киімдерді жапсыруды тапсырады. - Ал, енді балалар осы мата түрлерін мен сендерге пішіп беремін, пішілген матаны, қайшымен қиып, шыққан қысқы киімді қағаз бетіне жапсырамыз. Сергіту сәті Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қолыңа қолғап кимесең, Суық өтер жан - жақтан. Балалардың қайшыны дұрыс ұстауына көмектеседі. Қиылған қысқы киімдерді ақ қағазға дұрыс жапсыруға бағыт – бағдар береді.	Балалар киімдерге сипаттама береді. Бірге қосылып қайталайды. Пішілген маталарды қайшының көмегімен қиып, қағаз бетіне жапсырады. Қимыл іс – әрекетпен орындайды.
Рефлексиялық түзетушілік	Дидактикалық ойын «Қуыршақты киіндір» - Біз бүгін немен таныстық? - Қысқы киімдерді кім айтады? - Не қиын болды?	Балалар қызыға ойнайды Балалардың жауабы.


Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Әр мезгілде киетін киімдерді атай білуі керек.

Нені игерді: Дайын пішілген матаны қиып киім құрастыруды.

Нені біледі: Ойын арқылы қысқы киімдерді ажыратуды.

Мәжілісші: 

Мәселеңізді:  Ақп.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 15.12.2021.

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Тасбақаның суретін салып үйренеміз

Мақсаты: «Тасбақа» туралы ертегі оқып беру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Билингвалды компонент: тасбақа-черепаха

Сөздік жұмыс: тасбақа.

Көрнекіліктер: тасбақа бейнеленген суреттер.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	«Тасбақа» туралы ертегі оқып беру.	Балалардың қызығушылықтары оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: - Кәне, балалар дөңгелене тұрып, бір – бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу: Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Балалар мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Жұмбақ жасыру: Аяғы бар басы бар, Арқалаған тасы бар. (Тасбақа) -Тасбақа қайда өмір сүреді? -Не үшін тасбақа дейміз? Жарайсындар балалар. Тасбақа өте	-Жүрегімдегі жылуымды саған ыстық алақаным арқылы жіберемін. Қойылған сұрақтарға толық жауап береді. Шешуін табу, есте сақтау. Тасбақаның

	баяу жүреді және ол құрғақ, шөлді, сонымен қатар суда да мекендейді. Өзін қорғайтын кезде аяқ – қолын, басын жинап, бұғына қалады. - Демек, балалар тасбақаның суретін саламыз. Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстыру. - Қоңыр немесе сұр түстерді қолданамыз. Сергіту сәті: Бақа, бақа балпақ, Басың неге жалпақ. Бұтың неге талтақ, Көзің неге тостақ, Темір телпек көп киіп Басым содан жалпақ. Су ішінде көп жүзіп, Бұтым содан талтақ. Көрінгенге көп қарап Көзім содан тостақ.	суретін салуға кіріседі. Сергіту сәтін тәрбиешімен бірге жасайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу қызметті қорытындылау: Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.	Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Әр түрлі тәсілдерді пайдалана отырып тасбақаның бейнесін жасай алады;

Нені игерді: тасбақаның бейнесін ұқсатып жасауға дағдыланды;

Нені біледі: тасбақа туралы өлең – тақпақтарды жатқа біледі.

Тәрбиеші Т.А.А.
Мексесіндегі А.А.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 22.12.2021

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Досыма сыйлық

Мақсаты: Балаларға «Достық» туралы әңгіме оқып, сұрақ-жауап арқылы білгендерін жетілдіру. Достық туралы мақал-мәтел жаттау. Мүсіндеу барысында шағын көлемді, кесек есу әдіс-тәсілдерін көрсету.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Билингвалды компонент: сыйлық-подарок

Сөздік жұмыс: сыйлық

Көрнекіліктер: сыйлықтың суреттері, ермексаз, тақтайша, орамал.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	«Достық» жайында мақал-мәтелдер жарысын өткізу.	Балалардың қызығушылықтары оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: - Кәне, балалар дөңгелене тұрып, бір – бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік. Кел балалар ортаға! Қайырлы таң достарым! Достарымды көргенде! Қуана қарсы аламын! Қолымыздан ұстасып, Жылулықты алайық. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу: Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Мақал-мәтелдер: Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды. Жүз теңге болғанша, жүз досың	-Жүрегімдегі жылуымды саған ыстық алақаным арқылы жіберемін. Мақалды жатқа айтқызу.

	болсын. Дос жылатып айтады, Дұшпан күлдіріп айтады. -Бұл мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер? -Балалар жан дос дегенді қалай түсінесіңдер? -Балалар сендердің достарың бар ма? -Достарыңа қандай сыйлық жасағанды ұнатасыңдар? Онда өздеріңе ұнаған сыйлықты ермексаздан мүсіндеп жасап, достарыңа сыйлаңдар. Сергіту сәті: Достарды біз қолдаймыз, Қиын шақта қорғаймыз, Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз.	Балалардың жауаптары. Балалар өздеріне ұнаған сыйлықтарды ермексаздан мүсіндеп жасайды. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу қызметті қорытындылау: Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.	Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: «Достық» туралы мақал-мәтелдерді;

Нені игерді: ермексазбен әр түрлі сыйлықтарды жасауды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Жүргізуші: 

Тексерілу:  Тексерілді:

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы
Күні: 12.01.2022ж.

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Қоңыраугүл

Мақсаты: «Қоңыраугүл» туралы тақпақ жаттау. Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп, жаттықтыру.

Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету, таныстыру, бекіту.

Сөздік жұмыс: Қоңыраугүл

Билингвальды компонент: Қоңыраугүл – колокольчик, дала гүлдері – полевые птицы, қыр гүлі – горные цветы.

Қолданатын көрнекі құралдар: гүлдердің суреттері, акварель бояу, ақ қағаз.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	(Сурет) Алдын – ала сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалар қызығушылығын арттыру
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбер Балалар жиналды бір топқа Сен менің, мен сенің досыңмын Қане, қолды бер досым, Бірге ойнайық қуана. Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Балаларды тақтадағы суретке назарын аудартады. Суреттегі гүлдердің түрлерімен таныстырады. Гүлдер неше түрлі болып бөлінеді: дала гүлі, қыргүлі, бақшагүлі болып бөлінеді. Дала гүлдері – далада өсетін	Шеңберде тұрып жасайды Балалар жауап береді. Балалар назарын аударады. Сұрақ – жауап арқылы балалар түсінеді.

	гүлдерді айтады. Қыр гүлдері – қырда өсетін гүлдерді айтады. Бакша гүлдері деп – бакшада адамның күтіп баптауымен өсетін гүлді айтады Осы гүлдердің бірі қоңырау гүлді бүгін біз суретін саламыз. Қоңырау гүл деп қоңырауға ұқсайтын болғандықтан қоңыраугүл деп атаймыз. Енді осы гүлді салуға кірісейік. Ал қағаз бетіне бірінші жәй каламмен гүлдің бейнесін салып алайық. Сосын артынан акварельмен бояймыз. Сергіту сәті. Күндей болып күлеміз Гүлдей болып өсеміз Құсатар болып ұшамыз, Көбелектей қонамыз Ал ары қарай суретімізді аяқтайық.	Сурет салуға кіріседі. Қимылмен жасайды. Суреттерін аяқтайды.
Рефлексиялық түзетушілік	- Қандай гүл атауларын білесің - Гүлдер қаншаға бөлінеді екен - Әді салынған гүлдерді көрмеге апарып қояйық!	Балалар сұраққа жауап береді, көрме жасайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Гүлдердің атауын

Нені игерді: Гүлдің бөліктерін

Нені біледі: Ұқыпты етіп сурет салуды.

Тәрбиеші: *[Signature]*

Жексеріңгі: *[Signature]*

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 19.01.2022

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Қояндар

Мақсаты: Балаларға қоян туралы тақпақ . жаттатып, қоянның суретін көрсету арқылы қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасау. Түрлі бүктеу әдіс-тәсілдерін үйрету.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Билингвалды компонент: қоян-заяц

Сөздік жұмыс: көжек

Көрнекіліктер: Қоянның суреті, түрлі қағаздар.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	«Қоян» туралы ертегі оқып беру.	Балалардың қызығушылықтары оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Отырған аппақ бір қоян, Неткен сапсақ бұл қоян. Құлақтары деленде, Әр дыбысқа елендеп. Қоян жаурап суықта, Отырсың не күзетіп, Аяқтарың сіресіп, Табаныңнан сыз өтіп Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу: Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Қалқиып ұзын құлағы, Елендеп қорқып тұрады. (Қоян)	Өлең жолдарын қимыл-қозғалыс арқылы көрсетеді. Шешуін табу, есте сақтау

	-Балалар қандай жабайы жануарлар түрлерін білесіңдер? -Аңдар қайда мекен етеді? - Қоян туралы кім тақпақ біледі? - Қоянның төлінің атауы қандай? Демек балалар ақ және сұр түсті қағаздардан бүктеу әдісі арқылы қоянды жасаймыз. Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар. Сергіту сәті: Тұра, тұра суықта, Қоян жаурап торықты. Алайын деп жылынып, Әрлі-берлі жорытты. Секең-секең, секең-секең, Секіріп жылынатын қоян екен, Үркітті де бір ноян, Зытып берді бір қоян. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Балалар қоян туралы тақпақтар айтады. Жұмыстың орындалу барысымен танысады. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу қызметін қорытындылау: Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.	Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: қоян туралы тақпақ, жұмбақтар;

Нені игерді: ермексаздан қоянды мүсіндеуді;

Нені біледі: жұмыстың орындалу барысын.

Мәжілісші: *[Signature]*

Мессеринг: *[Signature]*

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 26.01.2022.

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Молшылық береке

Мақсаты: Балаларға молшылық, береке туралы ұғым беріп, нақыл сөздер үйрету. Жеміс – жидектерді әр түрлі материалдардан жасау. Түрлі материалдардан жұмыс жасауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.

Әдіс – тәсілдер: Молшылық – берекені түсіндіру, көрсету, жасату, бекіту

Сөздік жұмыс: Молшылық – береке, ырыс.

Билингвальды компонент: молшылық – достаток, береке – изобилие, себет - корзина.

Қолданатын көрнекі құралдар: табиғи материалдар, түрлі – түсті қағаздар, ермексаз, күздің суреті.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Алдын – ала суретпен жұмыс жүргізу.	Балалар назарын аударады.
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбер Армысың, көк Аспан! Армысың, Жер Ана! Армысың, жан досым! Міне, қолым бос, Жылуыма жылу қос. Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Балаларды күздің келбеті бейнеленген суретті көрсетіп таныстырады. Күз туралы түсінік береді. Күздің бізге, берер ырысын, молшылығын, берекесін айтып түсіндіреді. Ырыс алды – береке деген мақалға мән бергізіп	Қимылдармен орындайды. Жауап береді. Балалар мұқият тыңдайды.

	түсіндіреді. Күздің берер жемістерін, көкөністерін айтып, олардың атауларын ататып айтады. Дидактикалық ойын «Көкөністер мен жемістер» Ойын шарты: Күздің берген байлықтары көкөніспен, жемістерді шашады, балалар соларды екі себетке ажыратып салу тиіс. Ал, енді алдымызда әр түрлі материалдар бар, солардан біз, әркім өзі қалаған жемісін немесе көкөністерін жасаймыз. Сергіту сәті Бұғының үйі үлкен, Терезеден қарады ол Қолы жүгіріп келеді Достым, достым есік аш Орман толы аңшы қаш Достым, достым үйге кір Менімен бірге өмір сүр	Қызығушылықпен жасайды. Балалар аяқтайды. Қимылмен жасайды.
Рефлексиялық түзетушілік	- Молшылық, береке деген сөзді қалай түсінеміз? - Күздің берер сыйы қандай? - Табиғи заттар ұнады ма? - Осы жасаған заттарыңды көрмеге қойыңдар!	Балалар сұраққа жауап береді. Көрме ұйымдастыру

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Күздің берер байлығын

Нені игерді: Молшылық – береке туралы игерді.

Нені біледі: табиғи материалдармен жұмыс жасауды.

Тексерілді: 2021

Табиланы: 2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 02.02.2022.

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусак

Тақырыбы: Бақа

Мақсаты: Бақа туралы тақпақтар жаттау және ертегі оқып беру. Бақаның түрлерімен таныстыру. Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Билингвалды компонент: бақа-лягушка

Сөздік жұмыс: бақа

Көрнекіліктер: Бақаның суреті, түрлі қағаздар.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	«Әтеш пен Бақа» туралы ертегі оқып беру.	Балалардың қызығушылықтары оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Отырған аппақ бір қоян, Неткен сапсақ бұл қоян. Құлақтары деленде, Әр дыбысқа елендеп. Қоян жаурап суықта, Отырсың не күзетіп, Аяқтарың сіресіп, Табаныңнан сыз өтіп Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу: Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Жұмбақ: Таңдайлары тақылдап, Шулайтын кім шалшықта. Бірін-бірі мақұлдап. (Бақа) -Бақа туралы кім тақпақ біледі?	Өлең жолдарын қимыл-қозғалыс арқылы көрсетеді. Шешуін табу, есте сақтау.

	- Бақаның қандай түрлерін білесіңдер? - Бақа қайда мекен етеді? -Бақаның түсі қандай? -Пішіні қандай? Бүктеу әдіс-тәсілі арқылы жасыл қағаздан бақаны жасаймыз. Үшбұрыш пішінге келтіріп бүктеп алыңдар. Басы, көзін домалақ пішінге келтіріңдер. і Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар. Сергіту сәті: Бақа, бақа, балпақ Басың неге жалпақ. Темір телпеккөп киіп, Басым содан жалпақ. Бақа, бақа, балпақ Көзің неге тостақ, Көрінгенге көп қарап, Көзім содан тостақ. Бақа, бақа балпақ, Бұтың неге талтақ, Су ішінде көп жүзіп Бұтым содан талтақ. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Балалардың жауаптары тыңдалады. Жұмыстың орындалу барысымен танысады. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу қызметін қорытындылау: Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.	Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: бақа туралы тақпақ, жұмбақтар;

Нені игерді: бүктеу әдіс-тәсілдерін қолдана отырып бақаны жасауды;

Нені біледі: жұмыстың орындалу барысын.

Мәжіліс: *Бүткіл*
Нексеріңді: *Ай.*

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 09.02.2022.

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Қаздың балапаны

Мақсаты: 1. Үй құстары туралы өлеңдер жаттау.

2. Қаздың балапаны туралы әңгіме айту.

3. Балаларды ине-жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, бекіту.

Билингвалды компонент: қаз-гусь, балапан-цыпленок

Сөздік жұмыс: қаздың балапаны

Көрнекіліктер: әңгіме желісі туралы сурет.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың зейіні оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	1.Шаттық шеңбері: Біздің топта үд қыздар, Тату тәтті ойнаймыз. Әлемдегі бар балаға, Тек жақсылық тілейміз. 1.Кіріспе әңгіме Үй құстарына тауық, үйрек, қаз, күркетауық жатады. Олардың адам баласына тигізер пайдасы мол. Мамығынан көрпе, жастық жасайды, етін, жұмыртқасын азық-түлік ретінде пайдаланамыз. Құстардың балапандары әр түрлі болады. 2. Сұрақтар мен тапсырмалар: 3. Үй құстарын ата. 4. Мына құстардың суретінен үй құстарын табыңдар. Қолдарындағы ақ түсті матадан	Өлең жолдарымен қимыл әрекет жасайды. Тәрбиешінің әңгімесін тыңдайды, сұрақтар қояды. Үй құстары туралы әңгімелейді. Тапсырмаларды орныдайды.

	қаздың балапанын өлшейміз, сосын қайшымен ұқыптап қиып аламыз да оны ине-жіппен тігеміз. Инемен жұмыс жасағанда өте мұқият болындар. Ине бір жерлеріңе кіріп кетуі мүмкін. Алдымен үлгіге қарап жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар. Сергіту сәті: Сырға, сырға сырғалар, Құлағыңда ырғалар Оң қолымда білезік Сол қолымда білезік Қолға қалам аламын. Әдемі сурет саламын. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Сергіту сәтін кимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық- түзетушілік	Жасалған жұмыстарға тәрбиеші балаларды қатыстырып, талдау жұмысын жүргізеді.	Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже: үй құстарының пайдасы туралы түсініктерін жетілдіру;

Негізгі білу керек: қаздың балапан

Негізгі игерді: бүктеу әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы қаздың балапанын жасауды;

Негізгі біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Мұғалім: 

Тексерілді: 

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 29.02.2022.

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Балықтар

Мақсаты: кесек ермексайдан созу арқылы мүсіндеу дағдыларын жетілдіру; Өртүрлі әдіс-тәсілдермен балықтың сыртын безендіру; мүсіндеу дағдыларын жетілдіру; бейненің сипатын аша білуге бағыт беру; ұқыпты жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыру.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрсету.

Билингвалды компонент: балық-рыба

Сөздік жұмыс: сазан, бекіре, кит, дельфин, акула.

Керекті құралдар мен материалдар: Аквариумдағы балықтар, өртүрлі балықтардың суреттері, ермексаз, тақтайша, таяқша, колорамал т.б.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Сюжеттік суреттер, үлестірмелі материалдармен жұмыс жасату.	Балалардың қызығушылықтары оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Күндей жылы Доптай көңілді Жүзіктей әдемі Алмадай тәтті бол! Жыл мезгілдеріне тоқталып өту. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райына бақылау. Балалар мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. - Балықтар қайда өмір сүреді? - Олар су түбінде немен қоректенеді? - Балықтың қандай түрлерін білесіңдер? Балалар барлығың келіндерші аквариумдағы балықтардың қасына. Енді дене құрылысындағы ерекшеліктерге назар аударайық. Сендер балықтың қандай түрін мүсіндегілерің келеді? Мен сендерге жұмыстың	Сәлемдеседі. Қойылған сұрақтарға толық жауап береді? Білетін балық түрлерін айтады. Балалар балықтың

	орындалу ретін түсіндіріп өтемін, мұқият тыңдаңдар. . Созу тәсілімен балықтың жүзбеқанаттары мен құйрығын қалай шығарып алуға болатынын айту. Көк түсті ермексаз кесегін жұмсартып аламыз. Ермексазды домалақтап алып, аздап жаншып, жалпайтамыз. Созу тәсілін пайдаланып, жіңішке ширатпалар мен домалақтар жасап аламыз. Балықтың дене бөлігін шиыртпалар және домалақтармен әшекейлейміз. Көздерін мүсіндеп алып, бас бөлігіне бекітеміз. Таяқшаның көмегімен аузын белгілейміз. Сергіту сәті: Көлдің беті кілегей, Жер сап-сары бірегей. Тырау-тырау тырналар Түстікке бетті бұрды олар. Қара суық жел есті, Күннің көзі көмескі. Ал, енді әдемі балықтарды мүсіндейміз. Істеріңе сәттілік тілеймін.	қандай түрін мүсіндегісі келетінін өздері анықтайды. Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Өлең жолдарын пайдаланып, сергіту жаттығуын орындайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытындылау: Балалардың жасаған жұмыстарын бірге талқылау және шағын көрме ұйымдастыру.	Бірге талқылайды, шағын көрме ұйымдастырады..

Күтілетін нәтиже: Балықты мүсіндеу;

Нені білу керек: балықты мүсіндеудің орындалу тәсілін;

Нені игерді: ұқсатып жасауға дағдыландыру;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Мүдиріңіз: *[Signature]*
Тексеріңіз: *[Signature]*

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 02.03.2022

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Анамызға сыйлық

Мақсаты: Балаларға «Ана» өлеңін оқып беріп, мазмұндау. Балалардың ананы сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Түсті қағаздардан гүл құрастыру. Аналарына сыйлық дайындау.

Әдіс-тәсілдер: жаттау, көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, ойын, қорыту.

Билингвалды компонент: сыйлық-подарок

Сөздік жұмыс: 8-наурыз, халықаралық, күннің нұры, сәбидің күлкісі, ананың ақ сүті.

Қолданылатын көрнекіліктер: аналар мерекесі туралы суреттер, қайшы, желім, түрлі-түсті қағаздар, желім.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Аналар мерекесі бейнеленген сурет арқылы көктемнің алғашқы мерекесі – халықаралық әйелдер мерекесі туралы түсінік беру.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	1.Шаттық шеңбері: Балалар дөңгелене тұрып, әр бала өзінің сүйікті аналары туралы ойлап, аналарының өздерін қала еркелетінін айтады. Енді сендер аналарыңа жақсы тілектерінді білдіріңдер. 2.Кіріспе бөлімі: а) Сурет бойынша жұмыс. Дәптердегі аналар мерекесін бейнеленген сурет арқылы түсінік беру. Көктемнің алғашқы мерекесі 8-наурыз – халықаралық әйелдер мерекесі. Бұл сендер сияқты бүлдіршін қыздарымыздың,	Мені анам: «айым, күнім, боташым, ақылдым», - дейді. -Ана – не деген мейірімді, не деген қасиетті жан! -Ана деген болашағы өмірдің! -Ана деген қуанышы көңілдің! Сұрақтарға жауап береді.

	әпкелеріңнің, ақ жаулықты аналарыңның, әжелердің мерекесі. - Өмірде үш қадірлі зат бар, ол – күннің нұры, сәбидің күлкісі, ананың ақ сүті. - Мерекеде аналарыңа не сыйлағылырың келеді? Ендеше балалар анамызға арнап сыйлық дайындайық. -Алдымен гүлдің сабағын қоңыр түсті қағаздан қиып аламыз. -Жасыл түсті қағаздан жапырақтарын дайындап аламыз. -Түрлі түсті қағаздан алуан түрлі гүл күлтелерін қиып аламыз. -Соңында дайын болған қиындыларды картонға ретімен жапсырамыз. в) Д/о: «Кімнің дауысы, табайық!» Шарты: балалар диктофон немесе таспаға алдын ала жазылған аналарының, әжелерінің сөздерін тыңдап, даусын танып айтады. Сергіту сәті: Дала гүлін сыйлық үшін жинаймыз, Кейде оны жұлуға да қимаймыз. Бұл гүлдерді қуанышты сәттерде, Шын жүректен аналарға сыйлаймыз.	Балалар зейін қойып тыңдайды. Аналарына сыйлайтын гүлдерді қиып жапсырады. . Балалар әжелері мен аналарының дауыстарын ажыратады. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытынды: - Үйде аналарыңа көмектесесіңдер ме? - Аналарыңа қандай сыйлық жасайсыңдар?	Балалардың жауаптары тыңдалады. .

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесі екенін білу керек;

Нені игерді: өмірде үш қадірлі зат бар екенін түсінді;

Нені біледі: аналарға қандай сыйлық сыйлау керектігін

*Мәскеу қаласының
Мәдениет және спорт
бюроның жетекшісі*

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 09.03.2022

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Гүлдер әлемі

Мақсаты: Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау.

Балаларды бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру.

Билингвалды компонент: гүлдер-цветы

Сөздік жұмыс: бәйшешек, қызғалдақ, қыр.

Көрнекіліктер: көктемнің алғашқы гүлдері салынған сурет, акварель бояулар, қарындаштар, су, қылқалам, қолорамал.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Көктемнің алғашқы гүлдерінің суретін көрсетіп, балалардан олардың аттарын сұрау	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Жаңбыр, жаңбыр жауасың, Жанымызға дауасың. Біз ойнайтын ауланың Тазартасың ауасын. Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Өзі сондай нәзік Су құйсаң кетеді, Алақанын жазып. (Гүл) Гүлдер әсем де, әдем және алуан түрлі болады. - Гүлдер қайда өседі? Дұрыс айтасындар. Далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз. - Ал қырда, далада және тауда өсетін гүлді қалай атайсындар? - Гүл жер бетіне көрік беріп тұрады. Ал адамдарға болса қуаныш, көңіл сыйлайды.	Балалар тәрбиешімен бірге өлеңді қайталайды. Шешуін табу, есте сақтау -Далада, тауда, қырда. -Қыр гүлі, дала және тау гүлі деп атаймыз.

	Суретке назар аудару. - Суреттен не көріп тұрсындар? - Мына гүлдердің аттары қандай? - Қызғалдақ пен бәйшешек көктемнің алғашқы гүлі. Гүлдердің әдемілігіне қарай иістері де хош иісті болады. Мен сендерге суреттің салу реттілігін түсіндіріп өтейін. - Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызыктармен үйлестіріп салу. Сергіту сәті: Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам.	- Гүлдер - Қызғалдақ, бәйшешек. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытынды: Балалардан салған суреттерін бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы салынған суреттерді үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау. Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту.	.Балалар салған суреттеріне талдау жасайды, жақсы салынған суреттерді тақтаға үлгі ретінде іледі.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: көктемнің алғашқы гүлдерінің атауын біледі;

Нені игерді: гүлдердің әдемілігіне қарай олардың иістері де хош иісті болып келетінін түсінді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете алады.

Мұғалім: 

Мәксеріңіз: 24.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 16.03.2022

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Орманда

Мақсаты: Балаларға орман туралы әңгімелеу балалардың ынта – ықыласын арттыру, көтеріңкі көңіл – күй туындату.

Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Сөздік жұмыс: Орман

Билингвальды компонент: күз мезгілі – осенний сезон, жаз мезгілі – летний сезон көктем мезгілі – весенний сезон.

Қолданатын көрнекі құралдар: орман суреттері. желім, қайшы, қағаз.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Алдын ала суретпен жұмыс жүргізу.	Балалар назарын аударыды
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбері Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой Сәлем дейік үлкенге Қосылып бірге айту Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Балаларды орманның суреттерімен таныстыру. Орман жылдың 4 мезгілінде қалай өзгеріп тұрады? 1. Суретте орманның көктем мезгіліндегі уақыты 2. Суретте орманның жаз мезгіліндегі уақыты 3. Суретте орманның күз мезгіліндегі уақыты 4. Суретте орманның қыс мезгіліндегі уақыты.	Шеңберге тұрады Балалар жауап береді Балалар мұқият тыңдайды Суреттерге мұқият, зейін қойып қарайды.

	Осы орман суреттерінің айырмашылығын анықтап, түсіндіру. Жазда көк, көктемде көк, күзде сары түске, қыста аппақ түске айналатынын білдік. Енді осы орманды қағазға түрлі – түсті қағаздармен орманның бейнесін жапсырамыз. Сергіту сәті Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп – теріп алайық, Қалтамызға салайық. Балалардың жапсырған суреттерін тәрбиеші мұқият қарап, көмек керектеріне, көмектесіп, басқа балаларды мадақтайды	Тапсырманы қызығушылықпен орындайды Қимыл іс – әрекеттермен орындайды. Балалар қуануда
Рефлексиялық түзетушілік	- Орман дегенімізді қалай түсінеміз? - Төрт мезгілді атаңдар? - Жыл мезгілінде дала қандай түске бөленеді? - Осы жасаған заттарыңды көрмеге қойыңдар!	Балалар сұраққа жауап береді Көрме ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Жылдың төрт мезгілге бөлінетінін

Нені игерді: орман туралы ұғымды үйренді.

Нені біледі: 4 жылда орман төрт түске боялатынын

Мүдирісімі: Б.Б.Б.
Жексеріңгі: А.А.А.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 30.03.2022.

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Көлде жүзген аққу

Мақсаты: Балаларға көлде жүзетін құстар туралы әңгіме оқып беру. Тұзды қамырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

Билингвалды компонент: көл-озеро, аққу-лебедь

Сөздік жұмыс: аққу.

Көрнекіліктер: Аққудың суреті.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Аспан түрді түндігін Жерге сәуле жайылды. Неткен ашық күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жұмбақ: Садақша мойнын иілтіп, Көрген жанды сүйінтіп, Жүзгенде көлдің сәні өзі, Судағы құстың нәні өзі. Жердегі құстың серкесі; Көктегі құстың еркесі. (Аққу)	Балалар шеңбер жасап тұрып қайталайды. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Шешуін табу, есте сақтау.

	Аққу атына заты сай. Өте аппақ құс болғандықтан, бұл құсты аққу дейміз. Балалар аққу өте қасиетті құс. Құстардың ішіндегі ең сұлу құс аққу. Бұл құс көлде жүзеді. Аққуды атуға болмайды. Мақал: Аққуды атпа, Досыңды сатпа. Қазір біз осы көлде жүзген аққу құсын ермексаздан мүсіндейміз. Алдымен бізге ақ түсті ермексаз керек. Ал, көлге көк түсті ермексазды қолданамыз. Жұмыстың орындалу реті түсіндіріледі. Сергіту сәті: Бір екі, үш, Жинап алып күш. Біз ұшамыз кептерше Қолымыз жерге жеткенше. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.	Мақалды жатқа айтқызу. Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс-әрекетті қорыту: Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.	Салған суреттеріне қызыға қарайды..

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу ретін білу керек;

Нені игерді:

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Мүдиріңіз: *[Signature]*
Тексеріңіз: *[Signature]*

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 06.04.2022ж.

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Қайықша

Мақсаты: Балаларға қайық туралы әңгімелеп тақпақ жаттау. Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру..

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Билингвалды компонент: қайықша-көтер

Сөздік жұмыс: қайықша

Көрнекіліктер: тақырыптық сурет

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбер: Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ, Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақ. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Көліктер үш түрге бөлінеді. Олар: жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі. Осы көліктердің ішінен бүгін біз су көлігінің бірі қайықшамен танысамыз. -Балалар көліктердің бір түрі су көліктерін атап өтейікші? -Қайық, кеме. Соның бірі	Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді. Балалардың жауаптары тыңдалады. Шешуін табу, есте сақтау.

	қайықты жасап көрейік. Ал балалар, алдымыздағы қағаздардан бүктеу әдісі арқылы қайықша жасаймыз. Жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтейін. Сергіту сәті: Жаз келіпті дегенше, Алма пісті дегейсің. Бағымызда ендеше Алма тарту көбейсін. Жаз келіпті дегенше, Қарбыз пісті дегейсің, Бақшамызда ендеше Қарбыз жинау көбейсін. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Балалар жұмысқа кірісіп кетеді. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың жұмыстарына талдау жасау. Жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру. .	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: қайықшаны бүктеу әдісі арқылы жасауды;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Мәжіліс: Қызыл

Тексерілді: Қызыл

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 13.04.2022.

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Қонжық

Мақсаты: Аюдық баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру.

Билингвалды компонент: қонжық-медвежонок

Сөздік жұмыс: қонжық

Көрнекіліктер: әңгіме желісіне сай суреттер.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Аюдық баласы туралы ертегі оқып беру.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Кел балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады» Күліп өмір сүрейік! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Тәтті көрсе бас салар, Айнымайды баладан. (Аю) Балалар үйде өмір сүретін жануарлар үй дануарлары, орманда, далада өз бетімен өмір сүретін	Балалар тәрбиешімен бірге өлеңді қайталайды. Шешуін табу, есте сақтау Тыңдайды. Түсінбегендерін сұрайды.

	жануарлар жабайы аңдар. Аю да жабайы аңдарға жататынын бәріміз білеміз. Аюдың баласын қалай атаймыз? Демек біз қазір аюдың баласы қонжықты әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қоңыр түсті матамен қонжықтың бейнесін жасаймыз. -қайшы алып қонжықтың бейнесін пішіп, кесіп аламыз. -ақ қағаз бетіне желіммен жапсырамыз. Сергіту сәті: Аю-маң-маң басады, Түлкі бұлаң қағады, Қасқыр ылаң салады, Қоян үркіп қашады, Күн сәулесі төгілді, Орман іші көңілді	Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытынды: Балалардан жасаған жұмыстарын бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы дайындалған жұмыстарды үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау. Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту.	.Балалар жақсы жасалған жұмыстарын тақтаға үлгі ретінде іледі.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу барысын;

Нені игерді: қонжықты пішіп, өлшеп, кесуді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете алады.

Тәрбиеші: 
Тәрбиеші: 

	түрлері болады, ақжауын, нөсер жауын, өткінші жауын. Ақжауын тоқтаусыз жауатын жаңбыр. Нөсер жауын құйып жауады. Өткінші жауын күн шығып тұрады, соның өзінде жауын жауып өтеді. Бүгін біз жаңбыр тамшысының суретін көк түсті гуашь бояуымен саламыз. Ең алдымен бояуға саусағымызды малып, қағаз бетіне бастырамыз. Сергіту сәті: Боран соқты гу-гу, Найзағай жарқылдады топ-топ, Жаңбыр жауды тырс-тырс, Күн ашылды. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Жаңбырдың суретін салу ретімен танысады. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жаңбырды бейнелеп салуды біледі;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: жаңбыр туралы жұмбақтар, өлеңдерді жатқа біледі.

Мұғалім: Батыр
Талқылау: Ақыл

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 11.05.2022

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Шалғын шөптер

Мақсаты: Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Билингвалды компонент: шөп-трава

Сөздік жұмыс: шалғын

Көрнекіліктер: шалғын шөп бейнеленген суреттер, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбер: Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті де, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Балалар келіндер терезенің тұсына, айналаға көз жүгіртіндерші. Айнала жап-жасыл шалғын шөптерімен жайқалып тұр. Шалғын шөптердің пайдасы жерден шаң көтерілгенде өздеріне шаңды жұтып, ауаны	Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді. Балалардың жауаптары тыңдалады. Балалар терезеден қарап, айналаға көз жүгіртеді.

	тазартып тұрады. Қане, балалар енді біз «Шалғын шөптердің» суретін саламыз. Шөпті ақ қағазға жасыл түсті қағаздан жұлмалау әдісі арқылы желіммен жапсырамыз. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен болып өседі. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Жасыл түсті қағазды жырту әдісі арқылы ақ қағазға шалған шөптің бейнесін жапсырамыз. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: шалғын шөпті бейнелеп салуды біледі;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Мұғалім: 

Тексерді: 

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 13.05.2022.

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Жайлауда

Мақсаты: Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әр түрлі заттардан бейнелеп жасау.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Билингвалды компонент: жайлау-джайлау

Сөздік жұмыс: шалғын

Көрнекіліктер: жайлау бейнеленген сурет.

Оқу қызметтер кезендері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбер: Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ, Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақ. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жұмбақ: Күндер ысып, шөп пісіп, Ел пішенін орады. Бөбектерім, айтындаршы, Бұл қай кезде болады? (Жазда) Жаз мезгілі ең қызықты кезең. Жазда күн ыстық болады. Балалар	Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді. Балалардың жауаптары тыңдалады. Шешуін табу, есте сақтау.

	жазғы демалысқа шығады, суға шомылып, демалатын орындарға барады, кейбір балалар жайлауға ата-әжелеріне барады. Жайлаудың шөбі шалғын, ауасы өте таза және салқын болады. Бүгін жайлауды қол еңбегі арқылы әртүрлі табиғи және керексіз және түрлі түсті картонмен бейнелеп жасаймыз. Жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтемін, мұқият тыңдаңдар. Сергіту сәті: Жаз келіпті дегенше, Алма пісті дегейсің. Бағымызда ендеше Алма тарту көбейсін. Жаз келіпті дегенше, Қарбыз пісті дегейсің, Бақшамызда ендеше Қарбыз жинау көбейсін. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Балалар жұмысқа кірісіп кетеді. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жайлауды бейнелеп салуды біледі;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Мексериңі: 
Мексериңі: 

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 25.05.2022

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Көрме ұйымдастыру

Мақсаты: Жыл бойы жақсы жасалған жұмыстардан ата-аналарға арнап көрме ұйымдастыру.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.:

Көрнекіліктер: жайлау бейнеленген сурет.

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбер: Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ, Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақ. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жыл бойы қандай қол еңбегін жасадық? Ең бірінші «Ұшақ», «Аққулар», «Сиыр», «Паравоз», «Әтеш пен бақа», «Алтын балық», «Қайық», «Қашқаргүл», «Арыстан», «Аққала», «Үйрек», «Түймедақ», «Қысқы киім», «Тасбақаның суретін саламыз», «Досыма сыйлық», «Қалампыр», «Тату жанұя», «Қоңырау гүлдер», «Молшылық, береке», «Бақа»,	Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді. Балалардың жауаптары тыңдалады. Шешуін табу, есте сақтау.

	«Қаздың балапаны», «Бақ-бақ», «Балықтар», «Анамызға сыйлық», «Гүлдер әлемі», «Орманда», «Көлде жүзгенаққу», «Қайықша», «Қонжық», «Алқаптағы гүлдер» «Құстар», «Жаңбыр», «Шалғын шөптер». Осы жасаған жұмыстарымыздан ата-аналарға көрме ұйымдастырамыз. Сергіту сәті: Жаз келіпті дегенше, Алма пісті дегейсің. Бағымызда ендеше Алма тарту көбейсін. Жаз келіпті дегенше, Қарбыз пісті дегейсің, Бақшамызда ендеше Қарбыз жинау көбейсін. Балалардың жұмыстарының ордалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Балалар жұмысқа кірісіп кетеді. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жайлауды бейнелеп салуды біледі;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Мүдирі: *[Signature]*
Тексеріледі: *[Signature]*

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: _____

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Бірге ойнайық!

Тақырыбы: Заттарды топта

Мақсаты: Суретке қарап ойлау қабілетін дамыту. Заттарды топтауға үйрету.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын, бекіту.

Билингвалды компонент: ұяшық – ячейка

Сөздік жұмыс: топтау, ұяшық.

Көрнекіліктер: үлестірмелі материалдар

Оқу қызметтер кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар тақтадағы суретке назар аударайық. Кестені толтыру үшін жапсырма қағаз таңдап алу керек.	Суретке көңіл бөлу
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Ауадан қуат алайық, Алақанға салайық. Жерден нәр алайық Алақанға салайық. Күннен қуат алайық Алақанға салайық. Күш шуағын , Апайларға сыйлайық. Балалар, олай берілген тапсырманы мұқият тыңдаймыз. Балалар қай үстелде ойнап отыр, қай үстелде цифрлармен жұмыс істеп отыр? -Олар нешеу, қайсылары көп? -Неше орындық? -Неше парта? Келесі тапсырма кестені толтыру, -алдымен ұяшықта неше нүкте барын анықта. Содан кейін суреттен заттардың осынша санын тап. Бір, екі, үш және адамы бар суретті таңда. Енді ұяшыққа орналыстыр. «Ненің қайда орналасқанын тап» тапсырмасын орындайық. Балалар өздерінің алдында, артында, оң және сол жағында,	Шаттық шеңберін қимыл іс-әрекетпен орындайды. Мұқият тыңдап, тапсырмаларды орындауда

	жоғарыда, төменде не орналасқанын анықтайды. «Кім қайда тұрғанын тап» ойыны. Менің қасыма 3 бала келіндер, мені айнала қоршап тұрады. Қалған балалар әркімнің тұрған орнын анықтайды. «Не өзгереді?» тапсырмасы. Үстел үстінде бірнеше зат жатыр, балалар заттарға қарап естеріне сақтап қалу керек, содан кейін көздерін жұмады, педагог заттардың орнын ауыстырып қояды. Балалар көздерін ашқаннан кейін қай заттың орны ауысқанын анықтайды. Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп – кішкентай балалар, Үп – үлкен боп өседі.	Қызығушылықпен ойнайды Сергіту сәтін орындайды
Рефлексиялық-түзетушілік	Заттар тобын санау жаттығуларының сан туралы түсіндірер ғой. Бұдан былай санау бірлігі ретінде жеке деген заттармен қатар заттар тобы қолданылады. Осылайша бірлік жекеден оқшауланады.	Тапсырмаларын аяқтауда

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: заттарды салыстыру арқылы тапсырманы орындай білу керек;

Нені игерді: тапсырманы орынадау арқылы;

Нені біледі: санау арқылы қанша, неше? Деген сұрақ қоя отырып, дамытты.

Мәжіліс: [Signature]
Мәжіліс: [Signature]